



Оқу үміткерлеріне арналған виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегін ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Жалпы ақпарат

Германияда университетке түсу үшін Сізге ол жерде ең көбі тоғыз ай болуына рұқсат беріледі.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс немесе ағылшын тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + **толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі**. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Жоғарғы оқу орнына құжаттардың тапсырылғанын растау (**екі данада**):
 - Неміс жоғарғы оқу орнында немесе мамандандырылған жоғарғы оқу орнында оқуға өтінішті тіркеу туралы растау **HEMECE**
 - Неміс жоғарғы оқу орнында немесе мамандандырылған жоғарғы оқу орнында құжаттардың тапсырылғанын растау **HEMECE**
 - UNI-Assist арқылы тексеруге тапсырылғандығы туралы хабарлама **HEMECE**
 - Неміс тілінің бастапқы деңгейіндегі білімі туралы растау және неміс жоғарғы оқу орындарымен байланыста тұрғандығын растау
- Алдын ала дайындықтан өткен туралы құжаттың түпнұсқасы мен екі көшірмесі:
 - Мектеп **HEMECE** университет бітірген туралы **куәлік пен бағалар тізімі** (мысалы, аттестат, бакалавр куәлігі, диплом)



- Соңғы НЕМЕСЕ қазіргі уақыттағы жұмыс берушінің анықтамасы, егер Сіз жұмыс істеп жүрсеңіз.

- Толық кесте түрінде жасалған білімі мен жұмыс тәжірибесі көрсетілген өмірбаян, екі данада.
- Екі данада жазылған және қол қойылған уәждемелік хат; хатта тұруға байланысты жоспарланған күтулер, кәсіби және жеке пайдалар, сондай-ақ болашаққа арналған жоспарлар көрсетілуі керек.
- Оқуға немесе оқуға дайындайтын үшін қажетті тілді білуін растайтын құжат, түпнұсқасы мен екі көшірмесі танылған тіл сертификаттары арқылы (неміс тілі: Гете институтының сертификаттары, TestDaf, DSH, ÖSD, Telc; ағылшы тілі: IELTS, TOEFL).
- Жоспарланған мерзімге айына **1027 еуро** көлемінде қаржыландыруды растау. Өтініш беру кезде Сіз барлық мерзімге қаражаттың болуы туралы растайтын құжатты ұсынуыңыз керек, яғни **9.243 еуродан** кем емес. **Қаржыландыруды келесі құжаттар арқылы растауға болады:**

- «Тұрғылықты тұру туралы» заңының 66-68 баптарына сәйкес міндеттемелерді қабылдау туралы өтініштің (**Verpflichtungserklärung**) түпнұсқасы мен 2 көшірмесі (визаны рәсімдеу үшін өтініш берген күніне дейінгі соңғы 6 айдың ішінде берілген). Бұл құжатта тұрғылықты тұру мақсаты «Оқу орнына өтініш тапсыру» деп және шақыратын тұлғаның төлем қабілеті туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
- Неміс банкінде **бұғатталған шоттың** ашылғанын растайтын құжаттың екі данасы. Осы шоттан жоспарлаған мерзімге айына **1027 еуро** алынуы керек. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Бұғатталған шотты Германияда мақұлданған барлық қаржы институттарында ашуға болады.

Кәмелетке толмаған өтініш берушілер:

- Өтінішке және тұрғылықты тұру туралы заңының 54-шы § сәйкес түсіндірмелерге барлық заңды қамқоршылар қол қою керек.
- Апостильденген туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен + екі көшірмесі.
- Егер туу туралы куәліктегі әкесі туралы мәлімет шешесінің айтуымен жазылған болса: АХАЖ бөлімінің №4 формасы бойынша жақында алған (өтініш берген кезде 4 аптадан аспауы керек) апостильденген анықтаманың түпнұсқасы мен екі көшірмесі.
- Егер ата-анасының біреуі қайтыс болған жағдайда немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: қайтыс болу туралы апостильденген куәліктің немесе апостильденген сот шешімінің түпнұсқасы мен екі көшірмесі.
- Жоғары білім алған кезде өтініш берушінің Германияда болуына сәйкес барлық заңды қамқоршыларының нотариалдық келісімі туралы мәлімдеме (өтініш берілген кезде 3 айдан аспайтын) түпнұсқасы мен + екі көшірмесі.
- Барлық заңды қамқоршылардың шетелдік төлқұжатының немесе жеке куәлігінің екі көшірмесі
- Жекелеген жағдайларда, шетелдегі дипломатиялық миссиясы виза берген кезде заңды қамқоршылардан Германиядағы балаға күтім жасау кімге сеніп тапсырылатыны туралы мәлімдеме талап етуге құқылы.

Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:



Deutsche Vertretungen
in Kasachstan

- Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.